

Ғылым қызметкерлерінің күні аталып өтті

12 сәуір – Ғылым қызметкерлерінің күні. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев ғалымдар алдына ғылым жетістіктерін экономикалық және әлеуметтік тауарға айналдыру, инновацияны дамыту, іргелі зерттеулерді әлемдік деңгейге көтеру сияқты ауқымды тапсырмалар қойған болатын.

Бүгінде жоғары оқу орындарында ғылым саласында өздерінің жетістіктерімен биік шыңдарда танымал болып жатқан ғалымдар аз емес.

Ғылым қызметкерлерінің күнін мерекелеу қарсаңына орай, Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясында «Жыл ғалымы» және қабырға газеттері атты ісшаралар өткізілді.

Академия бастығы полиция полковнигі Мирлан Қызылов: «Құрметті Ғылым қызметкерлері! Сіздерді бүгінгі мерекелеріңмен құттықтаймын! Оқу ордасында білім алып жатқан болашақ офицерлерге беріп жатқан білімдеріңізбен тәжірибелеріңізге, ғылым жолында атқарып жатқан қызметтеріңізге табыс тілеймін», - деп, грамоталар табыс етті.

Іс-шара барысында, әкімшілік – басқару қызметкерлері арасындағы «Жыл ғалымы» сайысының жеңімпаздары болып, ғылыми кеңестің ғалым хатшысы, заң ғылымдарының кандидаты полиция майоры Гүлмира Қожабаевамен қылмыстық, қылмыстық – атқару құқығы және криминология кафедрасының профессоры, заң ғылымдарының кандидаты Игорь Слепцов танылды. Олар 2015 оқу жылында «Жыл ғалымы» вымпелімен және грамотамен марапатталды. Ал, ең үздік қабырға газеті сайысына 9 кафедраның ғылыми үйірмесі қатысып, екі номинация бойынша жеңімпаздар анықталды.

Біздің оқу ордасында зерттеу жұмыстарымен айналысып және ғылымның қыр-сырын меңгеріп жүрген жастарымыз баршылық. Оларға ғылым жолында сәттілік, шығармашылық ойларыңызды іске асыруда табыстар тілейміз!

Академияның баспасөз қызметі